



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№21 (83) 23 мамыр 2025 жыл

Марафон-бәйге

ҚАЙСАР РУХТЫҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛДЫ

Қонаев қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі өз мәресіне жетті. Жеңімпаздарды марапаттау салтанатына «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, «JORYQ» ат спорты федерациясы қамқоршылық кеңесінің төрағасы Әлібек Әлденей, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Еркебұлан Ілиясов және «JORYQ» ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков қатысты.



«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек ұлттық спорт түрлерін дамыту бұл тек қазақтың салт-дәстүрін сақтау және мәдени мұраны насихаттау ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды тетігі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Қазақстан көшпенділер өркениетінің бесігі, дамыған орталығы екенін, түрлі халықтар мен мәдениеттерді біріктіретінін айтты. Мұның жарқын мысалы - елімізде өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. «AMANAT» партиясы бұл бағытта ауқымды жұмыс атқаруда. Партия жыл сайын халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесін ұйымдастыруға атсалысады. Біз қоғамды ұлттық мәдени-тарихи

құндылықтар төңірегінде топтастыруға ұмтыламыз. Сонымен қатар Қазақстанда этнотуризмді дамыту аса маңызды. Партиямыздың «Ұлттық мұра» жобасы жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге, ұлттық спортты, мәдениетімізді, өнеріміз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу арқылы қастерлі құндылықтарымызды дамытуға бағытталған», - деді Дәулет Кәрібек.

Бес күнге созылған марафон нәтижесінде бірінші орынды Астана қаласының командасы иеленді. Олар 500 шақырым қашықтықты 31 сағат 19 минут 5 секундта жүріп өтіп, төзімділігі мен шеберлігін дәлелдеді. Екінші болып мөре сызығын 32 сағат 26 минут 57 секундта Қырғызстанның (бірінші) командасы кесіп өтті. Ал жүлделі үшінші орынды Ұлытау облысының командасы иеленді. Олардың уақыт

көрсеткіші - 32 сағат 37 минут 47 секунд.

Биылғы жарысқа Мажарстан, Иран, Қырғыз Республикасы, Ресей және Оңтүстік Африка Республикасынан келген шабандоздарды қоса алғанда, барлығы 19 команда қатысты. Алайда, мәреге тек 5 команда ғана жетті. Бұл - аса қатал тәртіп пен жарыс жолының қаншалықты қиын екенінің жарқын дәлелі.

Қазақстан мен шет елдің ең үздік шабандоздары бас қосқан «Ұлы дала жорығы» марафоны ұрпақтар сабақтастығының, қайтпас қайсар рухтың және ұлттық құндылықтарымызға, дара дәстүрімізге деген құрметтің символына айналды.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Нет наркотикам!

Проинформирован – значит вооружен!

Недавно поселке Боралдай, в новой США № 54, состоялась встреча сотрудников правоохранительных органов, общественных, спортивных структур с учащимися. Она прошла в рамках плановых мероприятий областного Совета по профилактике наркоправонарушений.

Открыл встречу Ерболат Турымбетов, председатель Алматинского областного совета ветеранов, заместитель председателя Совета по профилактике наркоправонарушений. Он представил членов Совета, приглашенных гостей и обозначил тему предстоящей беседы. Ее можно назвать так: «Наркотики. Их пагубное влияние на молодежь».

Перед собравшимися выступили Алмазхан Калымбетов, старший прокурор Управления досудебного расследования прокуратуры Алматинской области, Ауез Райымбеков, подполковник Управления по противодействию наркопреступности Департамента полиции Алматинской области. Они рассказали о распространенных мифах по поводу наркотиков, в частности о существовании якобы «безвредных наркотиков». Но факты таковы, что даже одна проба может привести к зависимости, пагубно воздействовать на психику и здоровье человека.

Был дан анализ существующим синтетическим видам наркотиков, таким как мефедрон, экстази, LSD, «соли», «скорость» и др. Наркоторговцы сегодня пользуются современными технологиями, такими как интернет, социальные сети, криптовалюта,

банковские карточки для безналичных платежей. В качестве «закладчиков» для распространения наркотиков теневые дельцы часто привлекают подростков, зазывая их через рекламу сайтов или телеграм-каналы: «Высокооплачиваемая работа. Образование, опыт работы не требуются».

Агитируют школьников также для нанесения граффити с адресами на жилых домах, зданиях, фонарных столбах, мостах. Но даже за такой «бесконтактный» сбыт наркотиков, пояснили выступающие, грозит уголовная ответственность от 10 до 20 лет лишения свободы. За «безобидные рисунки, номера на столбах» суды могут вас лишит свободы сроком до 6 лет! Стоит подумать!

Нурсултан Орынбасаров, руководитель спортивного клуба имени Халық қаһарманы Сағадата Нурмагамбетова, а также депутат областного маслихата и лидер молодежного движения «Алатау жастары», в своем выступлении сделал несколько акцентов. Он призвал мальчишек всего добиваться своим трудом, не верить в быстрые и легкие деньги, не завидовать, слушать родителей, авторитетных старших. Важно направлять свою энергию, знания в правильное русло. Это спорт, это учеба, это труд.

Модератор встречи Ерболат Сапарович Турымбетов предложил ученикам задавать вопросы. И они не заставили себя долго ждать. Было приятно видеть, что молодежь у нас грамотная, слышащая и слушающая, не избегающая полемики. И это говорит о том, что встреча не была «дежурной», «для галочки».

Ученики интересовались, куда надо обращаться, если они увидели, что кто-то распространяет наркотики, можно ли самому поймать и «наказать» закладчиков, есть ли ссылки на проверенные интернет-источники, где можно получить нужную информацию. Также ребят интересовало, много ли в области случаев раскрытия подпольных нарколабораторий, какие сроки грозят человеку за приобретение, хранение и сбыт наркотических средств. И другие вопросы по теме.

Особенно активными были учащиеся 8-х классов Мусагали Данияр, Алишер Нуржан, Беккожа Дархан, Усен Адилет, чьи классные руководители Айдана Асылханова, Талшан Касымбекова, Жазира Бейсембаева.

По окончании встречи учащимся был показан документальный фильм, снятый в одной из колоний для несовершеннолетних в Казахстане. В нем прозвучали признания подростка, осужденного за распространение наркотиков. Он каялся и жалел о сломленной молодой жизни и потерянном времени. Тяжелый и поучительный фильм.

Старший оперуполномоченный по особо важным делам Департамента полиции Алматинской области, подполковник полиции Алтын Темиргалиева, присутствовавшая на совещании, отметила конструктивность и открытость встречи с учащимися. Важно донести до аудитории всю пагубность наркотиков, ведь когда молодежь проинформирована, значит, она вооружена.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
п. Боралдай

Апта жаңалықтары

Аудандардағы игі шаралар

Алатау қаласы

Алатау қаласы ардагерлер және аналар кеңесінің ұйымдастыруымен Арна ықшам ауданындағы Мәдениет үйінде «Отты жылдар жырлары» атты патриоттық ән байқауы өтті.

Шараның мақсаты – елге деген сүйіспеншілікті, Отанға деген құрметті арттырып, аға буынның ерлік жолын насихаттау. Байқауға Алатау қаласына қарасты түрлі ықшам аудандардан ата-әжелер қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

Іс-шараның ашылуында Алатау қаласы әкімінің орынбасары Гүлбану Сейткенқызы құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау нәтижесі бойынша:

Бас жүлде Құйған ықшам ауданының тұрғыны, Панжазов Сабит атамyz иеленіп, облыстық байқауға жолдама алды. I орын Дәулет ықшам ауданының ақсакалы Пшеничников Анатолий Яковлевичке берілсе, II орын Қайрат ықшам ауданының ақсакалы Жиенбаев Қайрат атамyzға бұйырды. Ал III орынды Жаңаарна ықшам ауданының әжелер ансамблі мен Алатау қаласының тұрғыны Амренова Салтанат өзара бөлісті.

Рухани азық сыйлаған бұл кеш көрермен көңілінен шығып, ерекше патриоттық сезімге бөлеген әсерлі шара болды.



Ұйғыр ауданы

Аудан орталығы Шонжы ауылында Ұйғыр ауданының «Отбасын қолдау орталығы» КММ-сінің ашылуына арналған іс-шара өтті.

Шараға Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы А.Ахметова, Алматы облысының дін басшысы М.Тағайбайұлы, аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы, аудандық маслихаттың төрағасы Н.Есжан және аудандағы ауылдық округ әкімдері, мекеме-ұйым басшылары, қоғамдық ұйымдар мен белсенді ардагерлер және жастар, БАҚ өкілдері қатысты.

Орталықтың ашылу барысында Е.Толымбекұлы, А.Ахметова, Г.Алексеєвалар сөйлеп, орталықтың ашылуымен аудан халқын құттықтап, оның жұмысына атсалысуға шақырды. Орталықтың ашылу лентасы қиылғаннан кейін аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы жиналғандарды Орталықтың басшысы Г.Шаудиновамен және Орталықтың алдағы жұмыстарымен таныстырып өтті.

Шонжы ауылындағы аудандық Мәдениет үйінде Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ММ «Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ Ұйғыр аудандық филиалының Ашылу салтанаты болды.

Орталықтың ашылу салтанатына келген қонақтар аудандық Мәдениет үйі алдында орталықтың түрлі көмегін алып жүрген зейнеткерлердің жұмыс топтарының іс-қимылдарымен танысып болған соң ашылу салтанатының алғашқы сөзді аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы алып, жиналғандарды орталықтың ашылуымен құттықтады. Одан кейін жиналғандарды Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы А.Ахметова, Алматы облысының Белсенді ұзақ өмір орталығының директоры Ж.Сақташева, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтов, ҚХА жанындағы аудандық аналар Кеңесінің төрағасы Г.Алексеєвалар да аудан халқын орталықтың ашылуымен құттықтап, жұмыстарына табыс тіледі. Соңынан аудандық Мәдениет қызметкерлері мен Әжелер тобы және ВИА тобының әндері айтылып, билері биленді.

Қарасай ауданы

Қарасай аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Елтау ауылдық округінің Мәдениет үйінде ардагерлер арасында «Отты жылдар жырлары» атты байқау өткізілді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Мәсімақынов байқауға қатысушылар мен келген қонақтарды осы шараның ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Байқаудың бірінші кезегінде Ұмтыл ауылдық округіндегі Мереі мәдениет Үйінің жанынан құрылған «Парасат» хоры, Шамалған ауылдық округі аналар ансамблі, Іргелі ауылдық округіндегі «Дархан Дәрия» ата-әжелер хоры, Береке ауылдық округінің «Асыл қазыналы» әжелер ансамблінің хоры өздері дайындаған отты жылдар әндерін көрермендерге ұсынды.

Екінші кезекте Ұлы Отан соғысы кезінде және соғыстан кейін айтылған патриоттық әндердің байқауы өткізілді. Бұл жерде Бақытгүл Құланшиева «Ана туралы баллада» әнін керемет орындап, көрермендер ризашылығына бөленді. Ұлан ауылынан келген Зейнолла Қалиев «Соғыстан қайтқан солдаттар», Беболат ауылының тұрғыны Құдайберген Жамбылов «Кестелі орамал», ұмтылдық Гаухария Нұрғалиева «В землянке» әнін шырады. Сол сияқты «Көк орамал», «Журавли» сияқты әндер орындалды.

Байқау соңында арадагерлер кеңесінің төрағасы барлық қатысушыларға аудан әкімінің орынбасары Б.Ақылбекұлының «Алғыс хатын» салтанатты түрде табыстады.



БАСПАСӨЗ-2025

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет бұл күндері ардагерлер қолында. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылу жалғасуда!

Екінші жартыжылдыққа жазылу бағасы - 6 айға 2707,60 теңге

Индексі- 65472



Ұлы Жеңіске-80 жыл!

БАС ИІП, ТАҒЗЫМ ЕТТІ

Биылғы Ұлы Жеңіс күні мерекесі Балқаш ауданында жоғары деңгейде аталып өтті. Жылдағы дәстүрге сай аудан әкімі Азат Құтпанбетов бастаған ардагерлер тобы ең алдымен Ұлы Отан соғысында қаза болған боздақтарға арналған ескерткішке және Қазақстанның Халық қаһарманы, Ресей батыры, Бақтыораз Бейсекбаев пен Кеңес Одағының Батыры Мұсабек Сенгірбаевтың ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, рухтарына тағзым жасады. Осыдан кейін мерекелік шара аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Бақанас театр» әртістерінің сұрапыл соғыс жылдарындағы оқиғаларды сахналауынан басталды.

Жиналған қауымды құттықтаған аудан әкімі Азат Құтпанбетов: «Ерлік - елге мұра, ұрпаққа - өнеге» десек, Ұлы Отан соғысы жылдары майдан даласында біздің жерлестеріміз де басқыншы жаумен жан аямай шайқасып, Отан үшін ерлікпен қаза тапты. Майдан даласында Отан үшін отқа түсіп, ерен ерліктің жарқын үлгісін көрсеткен ауданымыздан шыққан қос батырларымыз, қазақтың батыр перзенттері Мұсабек Сенгірба-

ев пен Бақтыораз Бейсекбаевтың есімдері мен ерліктері-ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Қазақстанның Халық қаһарманы, Ресей батыры Бақтыораз Шәмпеқұлының биыл туғанына 105 жыл толып отыр. Батыр бабалар ерлігін насихаттау, дәріптеу мақсатында ізгі іс-шаралар жалғасын табуда. Осы қасиетті күні адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз.

Ұлы Жеңіс күні - тарих төрінен орын алатын, ұмытылмас ұлы күн. Біздің ауданнан 3185 адам соғысқа аттанса, оның 1287-сі ғана елге аман оралып, ал 1898-і майдан даласынан қайтпай қалды. Елде қалған тыл ардагерлері де «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен тылда еңбек етіп, жауынгерлерді қару-жарақпен, азық-түлікпен барынша қамтып, Жеңіс күнін жақындатуға тырысты. Азаматын жоқтатпаған батыр



аналар ерлермен иық тірестіре орақ орып, жер жыртысқан қайсар рухты қыз-келіншектер де ерен еңбектің үлгісін көрсетті.

«Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» сұрапыл жылдардағы батыр майдангерлеріміздің өлшеусіз ерліктері мәңгі ұмытылмайды» деп өзінің жүрекжарды ақ тілегін білдірді.

Аудан басшысының құттықтау тілегінен кейін сахна төріне ауданның Құрметті азаматы Айтжан Есімовты, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаевты және аудандық «Балқаш өңірі» газетінің директор – бас редакторы Күмісбек Ербаевты құрметпен шақырып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай арнайы жарық көрген «Отан үшін от кешкен балқаштықтар» атты жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Бұл жайдарман жаңалыққа куә болған аудан жұртшылығы қошеметтерін еселей түсті.

Мерекелік концерттік бағдарлама аясында Бақанас ауылының тұрғыны Қанарбек Жетпісбаевтың отбасына республикалық «Харакет» қайырымдылық қорының 1377-ші тұрғын үйінің кілті табысталды. Баспана кілті табыстау барысында ауданға танымал шағын кісіпкер иесі Бақытгүл Тұрсынбаеваға аталмыш қайырымдылық қордың Балқаш ауданындағы өкілі Таңшолпан Қасым ризашылығын білдіріп, табысталып жатқан баспана кілті аудан көлеміндегі 26-шы пәтер кілті екенін айтып, көпшілікті бір қуанып тастады.

Әуезді ән шырқалып, күмбірлете күй ойнап, мың бұралған бишілердің қатысуымен өткен мерекелік шара, көптің есінде ұзақ уақыт сақталып, тамашаға бөленген жұрт тамсанып айта жүретіндей жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.



Көкейтесті

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Бүгінде 1988 жылдан ақылы жүйеге ауысқан суды Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналынан (бұдан әрі –УАК- филиал) тек Еңбекшіқазақ ауданы диканшылар пайдаланады. Мекеменің өз дәрежесінде болуы басшыға байланысты болса, кейінгі уақытта УАК басшысы 8 рет ауысты. Кадр мәселесі дұрыс іріктелмегендіктен орталық аппарат бөлімшелерінде басқа сала мамандары қызмет атқаруы кемшілікке жол ашады. Бір ғана мысал. 2019 жылы Шелек өзені оң қапталындағы каналдың 45 пикеті бір жағы құлап су далаға жайылып, 7 күн бойы қалпына келтіру жұмыстарын «Пчелка» ЖШС техникасы мен басқа қожалықтардың көмегімен бітуі, УАК бір техникасын жеткізе алмауы ұжымда тәртіптің жоқтығын көрсетті.

УАК суармалы суды ақылы негізде беруге құқығы жоқ, ол суармалы суды тек магистральдық каналдар арқылы транзитпен жеткізуге және табиғат үшін төлем алуға ғана міндетті. УАК ҚР Су Кодексі 80-бабының су шаруашылығы ұйымдарының қызметіне қойылатын талаптарын (су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының тиісті техникалық жай-күйін, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; су пайдаланушылармен келісім бойынша су бөлетін орындарда су өлшеу аспаптарын орнату) орындаудан бас тартып, 1600 км құрайтын ішкі шаруашылық аралық суару жүйесі желілеріне жөндеу жұмыстары мүлде жүргізілмегендіктен жабайы арықтармен жүгірткен судың жолда жоғалуы шаруаның иығына түсіп, олардың қаржылық жағдайына қатты әсер етеді. Тиісінше, УАК басшылығы жоғалған өнім үшін жауап та бермеді.

Бүгінде бір текше метр судың бағасының көтерілуіне байланысты Шілік өзенінің оң қапталына орналасқан жері тастақ елдімекендер-Масақ, Сөгеті, Малыбай, Бартоғай және Асы, Шелек ауылдық округ дикандары 1 гектар жерді суаруға маусымда 43 мыңнан 60 мың теңгеге дейін төлеуге мәжбүр. Ал жер асты суы жақын елдімекендерде бұл көрсеткіш 3,5 есе төмен.

Есеп бойынша 1 гектар жерден өнім алу үшін шаруа жерді даярлауға 300 мың теңге, жиын-терінге 150 мың теңге жұмсауы керек. Ал алған өнім шығынды жаппайды. Кірістен шығын көп болғандықтан, жылдан жылға бір текше метр судың тарифі негізсіз жоғарылаған сайын және жерге дақыл егуге дайындау (жерді жырту, тегістеу, тырмалау, жол жүргізу, себу, суару, т.б.жұмыстар) және күту мен жиын-терін кезіндегі шығындардың өте өсіп кетуіне байланысты ауыл диканшысы өзіне еңбек өтіліне сай мемлекеттен алған үлесі жер телімін игеруге шамасы келмей, кейінгі он жылда Шелек өңірі тұрғындары 1000 га жерді тастап кетуге мәжбүр болған екен. Егістік жерден алған өнімнің көзсіз қымбаттауы ауылда қосалқы шаруашылықты дамытуына кедергі жасап, әкімдіктерінің есебінде қолда мал ұстау, өзін-өзі мал өнімімен қамтамасыз ету көрсеткішінің жылдан жылға төмендеуі ауыл тұрғынының әл-ауқатының жоғарылауына жеткізбейтіні белгілі.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша бизнес

дамытуға, кооператив жеңілде- тілген несие ала алады, техниканы лизингке рәсімдеуге болады. Микронесие мерзімі 5 жыл, ал мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар бойынша 7 жылға дейін, номиналды сыйақы мөлшерлемесі 2,5 пайыз кепілмен қамтамасыз ету. Ауыл және қала тұрғындарының ақшалай табыс айырмашылығы 38%-ды құрайды.

28 наурыз 2025 жылы Н. Мұхаметқалиев ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің бірінші вице министрі Б. Бекниязов пен министрліктің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен өткен қабылдауында болып Шелек өңірі диканшыларының талап тілегін жеткізген еді. Бірінші вице министр Б. Бекниязов пен ирригация және дренаж жұмыстары басқарма бастығы Ұ.Алтынқөпов қабылдау соңында екі жақты әңгіме өте сауатты және мәдениетті өткеніне тоқталып өтті.

14 сәуірде министрлік ұжымдық арызды қарап, алдын-ала шешім жолдады. 2025 жылдың 17 сәуір күні бейне конференц байланыс құралы арқылы тыңдау ұйымдастырды. Тыңдауда Шелек өңірі қариялары атынан Нұрлан Мұхаметқалиев пен Су министрлігінің жауапты қызметкерлері, тарифтік саясат департаменті директоры Д.Канибердиев, ғимараттарды дамыту директоры орынбасары А.Ахметов, суды үнемдеу технологиясын енгізу басқарма басшысы К.Нуриханова, су ресурстарын реттеу, қорғау, және пайдалану комитетінің бас сарапшысы Г.Камбербеков, су пайдалану бөлімінің басшысы Ф.Омар, Д.Қонаев атындағы УАК филиалы директоры Б.Абишев, Алматы облысuar директоры Б.Ойшынов, Алматы облысы су ресурстары және ирригация басқарма басшысы м.а. Е. Мұсаханов байланыста болды.

Тыңдау хаттамасында өтініш берушінің сұрақтары мен ұсыныстары назарға алынып, азаматтық ұстаным көрсеткеніне алғыс білдірді. Ауылшаруашылық өндірушілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тікелей қарым-қатынас жүргізу қажеттілігі де көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі 28 наурыздағы министрліктегі қабылдауда, министрге жазылған хатта және 17 сәуір күні бейне конференц байланыс құралы арқылы тыңдауда біздің министрлікке

қойған талаптар мен ұсыныстарға № ЖТ-2025-0994028 28.04.2025 жауап алдық . Біздің министрлікке қойған талаптарымыз :

- Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының бойындағы 5 жердегі (Жаңашаруа мен Белшабдар арасындағы) қадағалау пункттері мен пикеттердегі шлоздер мен су босатын қондырғылардың қирап тұрған ұсқынсыз жағдайын ретке келтіру;

- 1 текше метр судың бағасының жылда өсуі себебі неде? Осыған байланысты Қазсушардың шетелдік банктерден Ақтөбе, Жамбыл, Түркістан, Жетісу облыстары бойынша жоспарланған жұмыстарға алынған 100 млрд теңгені 11 филиалға бөліп төлетуге шешім шығарғанда Еңбекшіқазақ ауданының дикандарының келісімі қашан алынды? Үлкен Алматы каналы 2021-2024 жылдары бұл несенің 515 мин теңгесін төлеген көрінеді.

- Мемлекет басшысы талабы бойынша біздің диканшыларымыз неге бір оператормен жұмыс істемейді? Бүгінде Бартоғай су қоймасындағы жиналған суды тек бір Еңбекшіқазақ ауданы диканшылары пайдалануда. Алматы облысы бойынша сумен айналысатын үш мемлекеттік мекемені бюджеттің және диканшылардың мойнына артып қою кімге тиімді.?

- Министрліктің жауабындағы «қызмет көрсету барысында Алматы облсушар су ресурстарын УАК арқылы уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша сатып алады. Кейіннен суды тарату кезінде оның тарифіне сатып алынған судың құны, сондай-ақ тарату жүйесін ұстауға және осыған байланысты барлық шығындар кіретін» деген қорытындымен келіспейміз. Бұл үй ішінен үй тігу болып табылады. Республика басшысы делдалдықты қысқартуға ұсыныс жасап жатқан кезде Су ресурстары министрлігіне қарасты екі мемлекеттік мекеме-УАК-филиал суды Алматыоблсушарға сатпақшы, ал облсушар диканға сатып күн көрмекші. Делдалға жол жоқ.

- дақылды суару мөлшері мен 1 текше метр судың бағасын белгілегенде жергілікті жердің табиғаты мен жер құрылымы мен бонитетін ескеру керек.

- 2024 жылы УАК есебі бойынша су пайдаланушы 2768 диканмен 544,5 млн текше метр суға келісім шартқа отырған болса, оның ішінде егістік жері тастақ, Шілік өзенінің оң қапталындағы 6 ауылдық округтен 2114 жеке шаруа қожалығы отырғаны белгілі , ал Шелек өңірінде жер асты суы жақын ауылдық округтегі 4 мың диканшы, Еңбекшіқазақ ауданы Есік өңіріндегі 6 мың қожалыққа суды қайдан алды және тегін берілген бе?

-мемлекет тарапынан гектарына, дақыл өндіруге бөлінетін субсидияны дикан келісім шартқа отырған оператор есебіне нақты аударылып берілу жолын қарастыру ;

-Бүгінгі тариф бағасын күн тәртібінен түсіру үшін Алматыоблсушар өңірдегі ішкі шаруашылық 1600 км каналдарды тереңдетіп, мелиоративті отряд құрып, лоток салып, негізгі су бөлетін жерлерді

су өлшегіштерімен қамтамасыз етіп, су шығынын азайту мәселелерімен шұғылдануы қажет.

- Алматы облыстық су шаруашылығы мекемесі диканшымен су алатын маусымға 1 рет екі жақты тиімді бағаға келісім-шарт жасауды практикаға енгізіп, суды каналдан алу, жеткізіп беру, суды тиімді пайдалануды қадағалау міндетін де бірдей жүргізуі керек.

Еңбекшіқазақ ауданының диканшы қауымына су министрлігінің берген жауаптарының ішінде бүгінгі күнге жағымды жаңалықтары да баршылық.

1. Биылғы маусымда Үлкен Алматы каналы су қоймасынан бастап шаруа- шылықаралық және шаруашылықішілік желілер арқылы ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне тікелей су жеткізіп береді. 2025 жылға делдал қызметін пайдаланбайтын болды.

2. Биылға су ысырабы есепке алынбай (диканшыларға жалпы өңір бойынша орташа есеппен 300 млн теңге-жеңілдік), әрбір жеке қожалыққа қол қойылған келісім- шартқа сәйкес нақты көлемде су берілуі қамтамасыз етіледі.

3. Шаруа қожалықтарына бөлінетін субсидияны тиімді пайдалану жолдары қарастырылуда.

4. 40 жылдан астам уақыттан соң сең қозғалды деуге болады . Министрліктің берген жауабында Үлкен Алматы каналы Еңбекшіқазақ ауданындағы магистральды каналдар бойынша УАК беткейлерінің қираған бөліктерін монолитті темір бетонмен бетондау, Қорам каналы бойынша магистральды каналдағы гидростарды жөндеу, тығыздатқышты ауыстыру, гидростарға реперлер құрылысы, т.б жұмыстарға 395 млн теңге көлемінде жөндеу жұмыстары жүргізілген деп көрсетілген.

5. Жоспарда 878 шақырым ішкі каналдарды ағымдағы жөндеу және механикалық тазалау жұмыстарын УАК мен облсушар бірлесіп жүргізетін болады. Бүгінгі күні Шелек өңірінде 4 ауыр техника Масақ, Шелек, Малыбай, Нұрлы ауылдарында арықтарды тереңдету жұмыстары жасауда.

ҚР Ата Занының 6-бабында «жер, су, жер үсті, асты байлықтары халықтыкі» деп атап көрсетілген. Канал арнасымен бір маусымда 1 млрд 200 млн текше метр су жүгіріп өтуші еді. Өңірде диканшылар одағын құрып, арнайы қоғамдық комиссия сайлау, күнделікті суды бөлу, пайдалану есебін жүргізіп, су тапшы кезде әділетті бөлу, су өлшегіштерін орнатуды қолға алу –суды тиімді пайдаланудың бір жолы. Ішкі каналдар тереңдетіліп, лотоктар арқылы су жүгіртсек, өткен ғасыр 80 жылдары Шелек мамандары жоспарлаған Сөгеті жазығынан қосымша 30 мың гектар жерді игеруге де жетерміз. Қоғамда адам-ең басты құндылық. Ал диканшыны бизнес көзіне айналдырмауымыз керек. Әр уақытта халықтың байлығын көзіміздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз.

Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ,
зейнеткер, Еңбекшіқазақ ауданының
Құрметті азаматы.

Фестиваль

Халық шығармашылығын дәріптеді



Қонаев қалалық Бердібек Соқпақбаев атындағы саябақта Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен славян жазуы мен мәдениеті күндері аясында «Музыкальная ложка» балалар шығармашылық ұжымдарының І республикалық фестивалі болып өтті. Мақсаты – халық шығармашылығын насихаттау, музыкалық өнерді дамыту және этностардың мәдени байланысын нығайту.

Фестивальді құттықтау сөзбен ашқан облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов облыстық Ассамблея жанындағы құрылымдар маңызды жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқанын атап өтіп, Қазақстан халқының мәдени дәстүрлері мен мұрасын сақтауға және дамытуға, халық шығармашылығын дәріптеуге қосқан үлесі үшін өнер мерекесін ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарды марапаттады. Одан кейін сөз алған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық орынбасары Гамзе Гейдаров өскелең ұрпаққа дұрыс тәлім-тәрбие бері-

се, ел болашағының да жарқын болатынына тоқталды. «Балбырауын» күйімен басталған фестиваль барысында Қонаев қаласының «Меруерт» балалар өнер мектебі, Іле ауданы мен Алматы, Алатау қалаларының өнер ұжымдары, облыстық орыс, грек, күрд этномәдени бірлестіктерінің жас өнерпаздары және Жамбыл, Қызылорда облыстарының балалар шығармашылық ұжымдары өз өнерлерін ортаға салды. «Қазақстандағы орыс, славян, казак қауымдастығы» ұйымы облыстық филиалының төрағасы Лариса Котельникова: «Ағаш қасық-орыс мәдениеті мен мәдени дәстүрлеріміздің бірегейлігінің көрінісі. Бұл – ас құралы ғана емес, орыстың ұрмалы музыкалық аспабы. Ол бізге ғасырлар тереңінен келді. Еліміз бойынша тұңғыш рет өткізіліп отырған фестивальға өскелең ұрпақтың қызығушылық танытқанына қуаныштымын, - деді өз сөзінде. Шара соңында фестивальға белсене қатысқан өнерпаздар мен ұжымдарға «Қазақстандағы орыс, славян, казак қауымдастығы» ұйымы облыстық филиалының дипломдары мен Алғыс хаттары табыс етілді.

Өз тілшіміз.
Қонаев қаласы.

Сельские энтузиасты спорта

ЖАНА ДАУР – «ФУТБОЛЬНАЯ СТОЛИЦА» РАЙОНА



Недавно в селе Жана Даур прошли спортивные соревнования, посвященные 65-летию энтузиаста спорта, борца, футболиста, капитана сельской команды «Жалын» Уалитхана Темешова. К этой дате его сын Бахтияр, тренер ДЮСШ по борьбе, организовал турнир по греко-римской борьбе, куда съехались десятки спортсменов из нескольких районов. Также жанадаурские любители футбола инициировали турнир по мини-футболу.

Как рассказал газете уроженец села Берик Омаров, подобный энтузиазм не случаен. Жана Даур в советское время был отделением колхоза «40 лет Казахстана» и всегда представлял хозяйство на сельских спартакиадах. Все, кто в юности играл в футбол, остались верны ему и привили эту любовь новому поколению. Жанадаурская команда «Жалын» была неоднократным призером чемпионата Илийского района по футболу. К слову, сам Берик Омаров в копилке своих достижений имеет весьма внушительные регалии: он трехкратный чемпион Казахстана по футболу, президент общественной организации «Федерация футбола Илийского района», почетный гражданин Илийского района.

Поэтому, когда в Жана Дауре узнали о предстоящем турнире по мини-футболу, набралось аж шесть команд. Бахтияр Темешов и фанаты футбола выступили в роли спонсоров, собрав более одного миллиона тенге. Требования организаторов: игроки должны быть не младше 1990 года рождения. Если бы снизили возрастной ценз, то команд бы набралось не меньше десятка. Да-да, вот так в этом селе любят спорт и футбол в частности. К слову, недавно жители села взяли шефство над футбольным полем, планируют его реконструкцию и благоустройство. Сегодня Жана Даур относится к городу Алатау, но сути дела это не меняет.

На церемонии открытия выступили аксакалы села: Ленат ага Акшораев, Асылхан ага Бекмуратов, Кадирболат ага, Сагын ага, Жумагали Амангалиулы, Берик Омаров и гости. Все

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Жұмсақ балмұздақ сатып аларда абай болыңыз!

Балмұздақ - балалардың да, ересектердің де сүйікті тәтті тағамдарының бірі. Сапалы өнімді таңдау үшін сіз мұқият болуыңыз керек және күмәнді сатушылар мен өндірушілерден аулақ болыңыз. Ерітілген немесе еріген балмұздақтың сапасы мен сақтау шарттары күмән тудырса, оны жеуге болмайды. Балмұздақпен улану көбінесе ыстық маусымда, өнім тез бұзылатын кезде пайда болады. Себебі өнімнің дұрыс сақталмауы, температура режимі, антисанитарлық жағдайлары, дұрыс емес өндіру технологиясы, сапасыз ингредиенттерді, жарамдылық мерзімі өткен өнімдерді пайдаланудан пайда болады.

Сауда объектілері (сауда нүктелері) эпидемиялық маңыздылығы елеусіз топқа жатады. Сатылатын өнімнің сапасына осы өнімді сататын кәсіпкер толығымен жауап береді. Жұмсақ балмұздақты сату тек оны дайындау орындарында жүргізілсе, ал өндіру – тікелей сатылар алдында жүргізілуі тиіс. Себебі, әр балмұздақ құю алдында құрылғы цехтың арнайы жабдықталған жуу бөлімінде өңделіп, өнімді дайындаудың белгілі бір ережелері сақталуы керек. Сондай-ақ, балмұздақ қолданар алдында қолыңызды жуу немесе қолыңызды дымқыл майлықтармен немесе арнайы бактерияға қарсы гельмен өңдеу ұсынылады.

Балмұздақ сатылатын объектілерді сатушылар таза ұстауы керек және өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуы шарт. Кәсіпкерлер балмұздақты сақтау және өткізу шарттарын, жарамдылық мерзімдерінің сақталуын, тамақ өнімдерін ластанудан қорғауды, таза арнайы киім киюді, бір реттік қолғап және жеке гигиена ережелерін сақтауды, сонымен қатар медициналық тексеруден өткені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшасы болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Шағын бөлшек сауда объектілерін және оларды заңды түрде құру кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтау арқылы адамдардың улану жағдайларын болдырмауға болады. Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілер туралы Egov (elicense) электрондық порталы арқылы объектінің орналасқан жері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарын хабардар етуге міндетті екендеріңізді естеріңізге саламыз. Хабарламаны бермегені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Қонаев қаласының тұрғындары мен қонақтарына өтініш, автоматтардан ашық түрде жұмсақ балмұздақ сатып аларда жоғарыда аталған талаптар сақталатын объектілерден алуға тырысыңыз. Жұмсақ балмұздақтан уланудың белгілері бас ауруы, дене қызуының көтерілуі, құсу, жүрек айну, диарея, іштің ауыруы және т.б. Егер сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз және жоғарыда көрсетілгендерге ұқсас белгілер болса, міндетті түрде медициналық көмекке жүгініңіз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы



они поздравили Уалитхана Темешова, воспитавшего плеяду спортсменов, как борцов, так и футболистов, с днем рождения и пожелали долгих лет жизни. Поблагодарили организаторов турнира за приобщение молодежи к спорту и здоровому образу жизни.

Среди ветеранов футбола отметили В. Алгадаева, Ж. Орынбаева, Ж. Мусабекова, Д. Халыкова и других. Бахтияр Темешов вручил им традиционные чапаны, а отцу подарил скакуна. Была концертная программа. По круговой системе в финал вышли две команды: 1990 года рождения и команда ветеранов. Молодость в итоге взяла верх над опытом. Всем призерам вручили медали и кубки. Победила, как говорится, дружба.

На второй день в селе Жана Даур был организован кокпар.

Рамазан ЕЛЕШЕВ
г. Алатау